

Облыста индустриялық-инновациялық қызметті үйлестіру жөніндегі кеңес құру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2004 жылғы 28 қаңтардағы N 36/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 12 ақпанда N 2265 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2004 жылғы 6 маусымдағы N 172/7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2004 жылғы 6 маусымдағы N 172/7 қаулысымен.

Облыстық Мәслихаттың (III сайланған II сессиясы) 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 166/2 шешімімен (2004 жылғы 20 қаңтардағы МТН 2214) бекітілген облыстың индустриялық-инновациялық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Облыста индустриялық-инновациялық қызметті үйлестіру жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған облыста индустриялық-инновациялық қызметті үйлестіру жөніндегі Кеңестің Ережесі бекітілсін.
3. Кеңестің дербес құрамы заңнамамен бекітілген тәртіпте облыстық Мәслихаттың бекітуіне енгізілсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары В.З. Бочинге жүктелсін.

Облыс әкімі Қ.Нұрпейісов

Облыс әкімдігінің
2004 жылғы 28 қаңтардағы
"Облыста индустриялық-инновациялық
қызметті үйлестіру жөніндегі кеңес туралы"
N 36/2 қаулысымен бекітілген

Облыста индустриялық-инновациялық қызметті үйлестіру жөніндегі кеңестің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Облыста индустриялық - инновациялық қызметті үйлестіру жөніндегі кеңес (бұдан әрі-Кеңес) облыс әкімдігі жанындағы консультативтік-кеңестік орган болып табылады және облыстық Мәслихаттың (III сайланған II сессиясы) 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 166/2 шешімімен бекітілген облыстың

индустриялық-инновациялық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру үшін құрылды.

2. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Кеңестің жеке құрамын облыстық Мәслихат бекітеді.

4. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

5. М ы н а л а р :

1) облыстың индустриялық-инновациялық дамуының негізгі бағыттарын қалыптастыруға қатысу;

2) индустриялық-инновациялық дамудың басымдықты бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер, кадрларды даярлау және біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға жәрдемдесу;

3) инновациялық инфрақұрылымды және инновациялық сала үшін кадрлар даярлау және қайта даярлаудың облыстық орталықтарын құру жөнінде ұсынымдар дайындау Кеңестің негізгі міндеттері болып табылады.

6. Кеңес заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) облыстың индустриялық-инновациялық дамуы бойынша, атап айтқанда: жаңа жоғары технологиялық өндірістер мен қосылған құны жоғары өндірістерді әзірлеу және енгізу басымдықты бағыттар жөнінде; жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру жөнінде;

облыстағы индустриялық-инновациялық қызметті ақпараттық, әдіснамалық және нормативтік қамтамасыз ету жүйелерін құру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

2) облыстың индустриялық-инновациялық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөнінде басқа да ұсыныстар әзірлейді;

3) облыстық инновациялық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады.

7. Қойылған міндеттерді және өзінің функцияларын орындау мақсатында Кеңестің мыналарға:

1) өз құзыреті шегінде заңнамамен белгіленген тәртіпте облыстың мемлекеттік органдары мен ұйымдарынан тиісті ақпарат сұратуға;

2) қажетіне қарай инвестициялық жобаларды сараптау жөніндегі жұмыс топтарын құруға құқығы бар.

3. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру

8. Кеңесті төраға (облыс әкімі) басқарады.

9. Төраға Кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оған басшы-лық жасайды, Кеңеске жүктелген міндеттердің орындалуы мен өзінің функциялары жүзеге асырылуы үшін дербес жауап береді, өз құзыреті шегінде Кеңестің барлық мүшелері бірдей орындауға міндетті тапсырмалар мен нұсқаулар береді. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.

10. Облыс экономика департаменті өзінің құзыретіне және функцияларына сәйкес Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

11. Кеңестің мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі.

12. Кеңестің шешімі ашық дауыс берумен қабылданады, егер мәжілісте Кеңес мүшелері немесе олардың өкілдерінің көпшілігі дауыс берген болса, шешім қабылданған болады.

Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төраға дауысы шешуші болып табылады.

Кеңес мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, Кеңестің мәжілісі заңды деп саналады.

13. Кеңес шешімдерінің қорытындылары бойынша төраға немесе оның орнындағы тұлға қол қоятын хаттамалар ресімделеді.

Кеңес мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол жазбаша түрде баядалуы тиіс.

4. Кеңестің қызметін тоқтату

14. Кеңестің қызметі заңнамамен белгіленген тәртіпте тоқтатылады.